

Уржар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 сәуірдегі "Әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" № 24-253/V шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Уржар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 28 наурыздағы № 1-11/VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 25 сәуірде № 4514 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Уржар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 20 қыркүйектегі № 5-113/VIII шешімі

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Уржар аудандық мәслихатының 20.09.2023 № 5-113/VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы №504 қаулысына сәйкес, Уржар аудандық мәслихаты ШЕШТІ :

1. "Әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Уржар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 24-253/V (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3325 нөмірімен тіркелген, "Пульс времени/Уақыт тынысы" газетінің 2014 жылдың 05 маусымындағы 68 - 69 нөмірінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасында:

9 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9.Әлеуметтік көмек, өкпе ауруына қарсы диспансердің тізімдеріне сәйкес, әлеуметтік мәні бар аурулары және айналасындағыларға қауіп тәндіретін аурулары бар адамдарға кірісін есепке алмай, тоқсан сайын -51 000 теңге көлемінде көрсетіледі.

Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындейды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

Әлеуметтік көмектің шекті мөлшері 100 (жұз) айлық есептік көрсеткішті құрайды.";

10 тармақтың:

1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Ауғаныстан аумағынан әскерлерді шығару күні интернационалист – жауынгерлерді еске алу күні – 15 ақпан:

- Ауғаныстанда немесе ұрыс қымылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндеттін өтеу кезіндегі әскери қызметшілерге – 60 000 теңге;

- Ауғаныстандағы немесе ұрыс қымылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қымылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына – 60 000 теңге;";

3 тармақшаны толықтырылып және жаңа редакцияда жазылсын:

"1) Ауғаныстан аумағынан әскерлерді шығару күні интернационалист – жауынгерлерді еске алу күні – 15 ақпан:

- 1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттын, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға - 100 000 теңге;

- 1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-дағы апаттың зардаптарын жоюға қатысушылардың, қоныс аудару күнінде құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймағынан қоныс аударылғандардың (өз еркімен кеткендердің) және Қазақстан Республикасына қоныстанғандардың қатарындағы адамдарға - 100 000 теңге;

- Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары – 24 000 теңге;"

5) тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5) Жеңіс күні – 9 мамыр:

- Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына – 100 000 теңге;

- қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан

соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына – 100 000 тенге;

- қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне (куйеулеріне) -25 000 тенге;

- Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдарға – 25 000 тенге;

- 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға – 5000 тенге;".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Уржар аудандық мәслихатының хатшысы

A. Саматеев

K. Карапов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК